

«Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Сынып жетекшілер әдіс бірлестігінің жылдық жұмысының сараптамасы

2022-2023оқу жылы.

Еліміздің болашағы-ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені дауыссыз. Бала дегеніміз – болашақ. Балаларымызды қалай тәрбиелесек, болашағымыз солай болмақ. Жолдыбай негізгі мектебінде оқу жыл басында тәрбие жоспары бекіген болатын, сол жоспарға сәйкес мектебімізде іс-шаралар уақытылы және жүйелі түрде өтуде. 1-сыныптан бастап 9-сыныпқа дейінгі оқушылар барлық іс-шараларға белсене атсалысады. Бірлестіктің мақсаты: Жан-жақты дамыған білімді, тәрбиелі тұлғаны қалыптастыру. Олардың бойында жинақылық туғызу және жеке жұмыс істей білуге үйрету. Сынып жетекшілер әдіс – бірлестігінің жоспарланған отырыстар уақытында өтті. Әр сынып жетекшілер өз міндеттерімен таныстырылды. Жас сынып жетекшілерге әдістемелік көмек көрсетуге жетекші мұғалімдер тағайындалды.

Әр сыныпқа сынып бөлмелері бекітілді. Осы сынып бөлмелерінің тазалығына, безендірілуіне және гүлмен көркейтуіне сынып оқушыларымен сынып жетекшілер жауапты. Сынып жетекшілер өз сыныптарымен мектепшілік кезекшілігін уақытында атқарып отырады. Сынып бұрыштарын шығарды. Оқушылардың күнделіктері сынып жетекшілерімен тексеріледі, оқушылардың жеке құжаттарын толықтырды. Ата-аналар жиналысы белгілеген уақытында өтеді. Сабақтан қалған оқушы болса, сынып жетекшісі үйіне барып, ата-анасымен сөйлесіп, «үй аралау» дәптерлеріне белгілейді. Әр сынып жетекшіде «үй аралау дәптері», «тазалық дәптері», «қауіпсіздік дәптері» бар. Әр сынып жетекші өз сыныбына 3 журнал бастады: сынып бөлмесін желдету, сынып бөлмесін кварцтеу, сынып бөлмесін ылғалдандырып тазалауға.

Мектепте өткізілген барлық іс-шаралар санитарлық талаптарды сақтауымен өткізілді.

Ұстаздар мерекесі



Күзгі дастархан-2022



Денсаулық фестивалі



8 наурызға арналған «Көктем еркесі» атты онлайн конкурс бір неше номинация бойынша өтті .

Оқушылар үйлерінде дайындалып видео жіберді.Оқушыларға номинация бойынша мадақтамалар берілді.

Наурыз мерекесі-2022



Сынып жетекшілер республикалық байқауларға қатысып ,оқушыларын қатыстырған сынып жетекшілер мадақтама алды.**4-сын жетекшісі Шамиганова Д.Ғ**



Абай Құнанбайұлының туганына 175-жыл

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының **175**-жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Абай – дана, Абай – дара қазақ» - атты шығармашылық іс-шараларға белсене қатысып, ұстаздық шеберлігін, біліктілігін жоғарғы дәрежеде танытқаны үшін

Шамиганова Данагуль Галымовна
марапатталады

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және Коммуникациялар
Министрлігі № 17487-Ж
«BilimMedia» журналының
редакторы:

Республикалық «ӨРЛЕУ»
Порталының әкімшісі:

Ж.Ф.Кошкимбаев
К.Е. Ахметов
№U00375



Сынып жетекшілер әдіс бірлестігінің жетекшісі:

Искакова Б.Ж

Ақмола облысы

Зеренді ауданы

«Жолдыбай ауылының негізгі орта мектебі» КММ

Сынып жетекшілер әдіс бірлестігінің жылдық жұмысының сараптамасы

2020-2021 оқу жылы.

« Жолдыбай негізгі мектебі» КММ

Сынып жетекшілер әдіс бірлестігінің жылдық жұмысының сараптамасы
2020-2021 оқу жылы